

www.ombudsmanbiz.kz  
2019

ҚАЗАҚСТАН  
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ  
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ



ҚАЗАҚСТАН  
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ  
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНЕ БАЯНДАМА

www.ombudsmanbiz.kz  
2019



# ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ (ӘРІ ҚАРАЙ - БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН)

## ■ ИНСТИТУТЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

**1**

**4 шілде 2013**

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы заң қабылданды

**2**

**28 қазан 2013**

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңесі құрылды

**3**

**27 ақпан 2014**

Бизнес үшін жағдайды түбегейлі жақсарту туралы Президенттің жарлығы қабылданды

**4**

**29 желтоқсан 2014**

Бизнес үшін жағдайды түбегейлі жақсарту туралы ҚР Заңы қабылданды (бизнес-омбудсмен институты енгізілді)

**5**

**20 мамыр 2015**

Ұлт Жоспары – «100 нақты қадам» қабылданды. 54-қадам бизнес-омбудсмен институтын нығайту

**6**

**1 қаңтар 2016**

Кәсіпкерлік кодексі қолданысқа енгізілді

**7**

**19 ақпан 2016**

Мемлекет басшысының №59 Өкімімен Б.Ә. Палымбетов Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл қызметіне тағайындалды

**8**

**20 қазан 2017**

Президенттің № 568 жарлығымен бизнес-омбудсмен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына енгізілді

**9**

**20 қазан 2017**

Президенттің № 568 жарлығымен бизнес-омбудсмен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің құрамына енгізілді



**14 наурыз 2016**

«Атамекен» ҚР ҰКП базасында Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің аппараты құрылды

**2 қыркүйек 2017**

Ресейдің бизнес-омбудсменімен өзара көмек және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды

**20 маусым 2018**

Өзбекстанның бизнес-омбудсменімен өзара көмек және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды

«Отандық нарықтық экономиканың негізін құрайтын кәсіпкерлікті дамыту Қазақстанның стратегиялық басымдығы болып табылады».

**Н.Ә. НАЗАРБАЕВ**



## ■ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН АППАРАТЫ



**ЖҮРСІНОВ Р.М.**  
Аппарат басшысы,  
«Атамекен» ҚР ҰКП  
Басқарма мүшесі



**САВЕЛЕНКО О.В.**  
Аппарат басшысының  
орынбасары, «Атамекен» ҚР ҰКП басқарушы  
директоры – Кәсіпкерлер құқығын қорғау  
департаментінің директоры  
(11 сарапшы)



**ӨСТЕМІРОВ Е.Л.**  
Аппарат басшысының орынбасары,  
«Атамекен» ҚР ҰКП басқарушы директоры –  
Қоғамдық мониторинг және әкімшілік кедер-  
гілермен жұмыс департаментінің директоры  
(9 сарапшы)



**ПАЛЫМБЕТОВ Б.Ә.**  
Қазақстан кәсіпкерлерінің  
құқықтарын қорғау жөніндегі  
уәкіл

### Аппараттың міндеттері:

- кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік органдарда және Қазақстан Республикасының өзге де ұйымдарында, сонымен қатар, халықаралық ұйымдарда және шет елдерде таныстыру, қамтамасыз ету және қорғау;
- өңірлерде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу;
- кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын дайындауға қатысу.

Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор  
меңгерушісі – 17

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және  
өңірлердегі әкімшілік кедергілерді азайту  
бөлімдері – 18 (73 сарапшы)



**БЕЙСЕНОВ Б.М.**  
Астана қ. бойынша  
бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі

**ҚОШМАМБЕТОВ А.А.**  
Алматы қ. бойынша  
бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі

**ТЕМІРОВ Ш.С.**  
Ақмола обл. бойынша  
бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі

**КҮЙШІНОВ Р.Б.**  
Ақтөбе обл. бойынша  
бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі

**ҚАБДИЕВ К.Т.**  
Алматы обл. бойынша  
бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі

**ЖОЛДЫБАЕВ С.Х.**  
Атырау обл. бойынша  
бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі

**МАҚСОТОВ Н.Е.**  
Батыс Қазақстан обл.  
бойынша бизнес-омбу-  
дсмен аппараты секто-  
рының меңгерушісі

**СЫДЫҚОВ К.С.**  
Жамбыл обл. бойынша  
бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі

**ЖМУҚ Г.Н.**  
Қарағанды обл. бойын-  
ша бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі



**СӘДУАҚАСОВ С.С.**  
Қостанай обл. бойын-  
ша бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі



**ҚҰЛМАХАН С.А.**  
Қызылорда обл. бойынша  
бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі



**ЖАНАЕВ А.З.**  
Маңғыстау обл. бойын-  
ша бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі



**ӘКЕНОВ К.А.**  
Шымкент қ. бойынша  
бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі



**СЫЗДЫҚОВ М.А.**  
Павлодар обл. бойын-  
ша бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі



**ҚАЗИЕВ Ж.А.**  
СҚО бойынша  
бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі



**МҰХАМЕДЖАНОВА Д.Б.**  
ШҚО бойынша  
бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі



**МАХМУТ Ж.М.**  
Түркістан обл. бойын-  
ша бизнес-омбудсмен  
аппараты секторының  
меңгерушісі



## ■ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ КЕҢЕСТЕРІ



**СҮЛЕЙМЕНОВ К.Ш.**  
«Атамекен» ҚР ҰКП  
Кәсіпкерлер құқығын  
қорғау және сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл кеңесінің  
төрағасы

### КЕҢЕСТІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІ:

- Кәсіпкерлердің құқықтары мен кәсіпкерлік қызмет бостандығын қорғау;
- мемлекеттік органдарға және ұйымдарға кәсіпкерлердің құқықтарын бұзған лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізу;
- орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарына, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізілетін саясатқа жәрдемдесу.

2018 жылы «Атамекен» ҰКП Кеңестері 169 отырыс өткізді, өткізілген отырыстар барысында 382 мәселе қаралды.

Кеңесте қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға 414 ұсыныс енгізілді, оның ішінде 248-і (59,9%) қолдау тапты, 47 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды..


Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат ҚР Премьер-Министріне және ҚР Президентінің Әкімшілігіне мәлімет үшін жіберілді. Бұл тәжірибе Кеңестің ұсыныстарын қарауға тартылған лауазымды тұлғалардың ауқымын едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді.



**ТӨРЕГЕЛДИН С.М.**  
Қарағанды обл. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 14)



**АХМЕДОВ Б.А.**  
Алматы қ. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 15)



**ГЕРАШЕНКО В.С.**  
Ақмола обл. бойынша  
Кеңес төрайымы  
(Кеңес мүшелері – 12)



**ҚҰРМАНҒАЗИН Е.А.**  
Ақтөбе обл. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 13)



**ФАЙЗУЛЛИН Б.Д.**  
Алматы обл. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 14)



**ШАКУН В.М.**  
Қостанай обл. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 15)



**ҚАПАНОВ К.Х.**  
БҚО бойынша Кеңес  
төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 14)



**АН А.А.**  
Жамбыл обл. бойынша  
Кеңес төрайымы  
(Кеңес мүшелері – 15)



**СЕЙІТЖАНОВ М.Д.**  
Шымкент қ. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 14)



**ЖАРБАСОВ Н.У.**  
Атырау обл. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 7)



**КОЖАНОВ Е.О.**  
Қызылорда обл. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 12)



**СУЛТАНОВ Ш.Н.**  
Маңғыстау обл. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 15)



**ЕЛЕКЕЕВ И.К.**  
Астана қ. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 16)



**НӘБИЕВ Н.А.**  
Павлодар обл. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 12)



**ҚУАНОВА И.З.**  
СҚО бойынша Кеңес  
төрайымы  
(Кеңес мүшелері – 6)



**КАЗАНЦЕВА В.С.**  
ШҚО бойынша Кеңес  
төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 7)




**ҚАБЫШТАЕВ О.А.**  
Түркістан обл. бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері – 14)





## ■ ӨТІНІШТЕРМЕН ЖҰМЫС

2016 - 2018 жылдары бизнес-омбудсмен мен оның аппаратына бизнесті қорғау бойынша **17 053** өтініш келіп түсті



- Бизнесті қорғау бойынша түскен барлық өтініштер саны
- Оң шешім тапқан өтініштер

Өтініштердің **46%-ы** толығымен немесе жартылай шешілді

### ҚР КӘСІПКЕРЛІК КОДЕКСІНІҢ 309-БАБЫ: БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН:


ҚР-ның мемлекеттік органдарында және өзге де ұйымдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және шет мемлекеттерде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді, қамтамасыз етеді, қорғайды;

кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерін қарайды және т.б.

2016 – 2018 жылдары бизнес-омбудсмен мен оның аппараты **110,8** млрд теңгені құрайтын кәсіпкерлердің мүліктік құқықтарын қорғады (күші жойылған айыппұлдар, өсімақылар, қамаудың күшін жою, кәсіпкерлердің мүліктерін сақтау немесе қайтару).



## ӨНІШТЕРДЕГІ ӨТІНІШТЕРМЕН ЖҰМЫС




■ Өтініштер саны

■ Оң шешімін тапқан өтініштер саны

Барлығы 2018 жылы

■ 4633 өтініш, ■ 1978 өтініш түсті

2018 жылы түскен шағымдардың ең көп саны мына салаларға қатысты:






## ■ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ ӨҢІРЛЕРДЕ ӨТКІЗГЕН КЕЗДЕСУЛЕРІ

2018 жылы 7 облыста жеке қабылдау жүргізілді, кездесулер барысында кәсіпкерлерден 41 проблемалық мәселе келіп түсті. Бизнесінің өңірлердегі проблемалық мәселелері:

- ЖАО ұсынған жер учаскелерін қолданыстағы заңнама нормаларын бұза отырып алып қою;
- мемлекеттік кірістер органдарының ШҚО автобус парктеріне қосымша салық есептеуі;
- кредиттік серіктестіктердің жауапкершілігіне қатысты проблемалық мәселелер.





## ■ ЖЕР ТЕЛІМІН АЛУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ, БАС ЖОСПАРЛАР МЕН ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ ЖОСПАРЛАУ ЖОБАЛАРЫ

Жергілікті атқарушы органдар интернет-ресурстарында елді-мекендердің бас жоспарлары мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын жарияламайды.

Бұл мәселе 17 өңір әкімдерімен талқыланды

№	Өңір	Орналастырылған бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларының саны	Бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларының жалпы саны
1	Астана	139	139
2	Алматы	10	10
3	Шымкент	61	61
4	Ақмола облысы	38	38
5	Алматы облысы	68	68
6	Атырау облысы	127	127
7	Ақтөбе облысы	38	52
8	ШҚО	16	22
9	Жамбыл облысы	66	191
10	БҚО	23	23
11	Қарағанды облысы	50	50
12	Қостанай облысы	34	38
13	Қызылорда облысы	31	31
14	Маңғыстау облысы	22	22
15	Павлодар облысы	21	28
16	СҚО	34	44
17	Түркістан облысы	12	32
<b>Жалпы саны</b>		<b>790</b>	<b>976</b>





## ■ БИЗНЕСТІҢ ӨҢІРЛЕРДЕГІ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМА НОРМАЛАРЫН БҰЗА ОТЫРЫП ЖАО ҰСЫНҒАН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН АЛЫП ҚОЮ

Прокуратура органдары жүргізген тексерулердің нәтижелері бойынша 2015 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде сауда-саттық (конкурстар, аукциондар) өткізбей, жер учаскелерін беруде ЖАО-ның жер заңнамасымен белгіленген талаптарды бұзуының 2 598 фактісі анықталды. Төменде көрсетілген облыстарда ең көп заң бұзушылық анықталды:

- Қарағанды – 717 факт;
- Батыс Қазақстан – 501 факт;
- Қостанай – 321 факт;
- Ақмола – 316 факт.

Ең төменгі көрсеткіш Қызылорда облысында – 2 факті және Жамбыл облысында – 10 факті анықталды.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Ақмола, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Ақтөбе, Атырау, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстары әкімдерінің атына әкімдіктер жанынан жер қатынастары саласындағы заңдылықты қамтамасыз ететін іс-шараларды өткізу үшін жұмыс топтарын құру туралы ұсыныспен (Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мен прокуратурасы жүргізген жұмыстарды негізге ала отырып) хат жолдады.

### МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ШҚО АВТОБУС ПАРКТЕРІНЕ ҚОСЫМША САЛЫҚ ЕСЕПТЕУІ

Тасымалдаушылардың проблемалары 2016 жылы басталды. ШҚО Мемлекеттік кірістер департаменті «РОСТ» ЖШС-нің, «Vosca» ЖШС-нің, «Вегас» ЖШС-нің және «БЭСТ» Автотранспорт цехы» ЖШС-нің қызметін тексеру қорытындысы бойынша қалалық тасымалдаушыларды салық төлеуден жалтарған деп айыптады. Салынған қосымша салық мөлшері 5 млрд теңгеге жетті. Бірақ мұндай соманы төлеу қоғамдық қалалық көлік үшін қаржылық ауыртпалық туғызары сөзсіз болатын. Бұл жағдай алда бір ғана жол – банкроттық тұрғандығын білдіргендей еді. Тасымалдаушылар салық қызметкерлерінің пікірімен келіспей, Қазақстанның бизнес-омбудсменіне және прокуратура органдарына жүгініп, көмек сұрады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің және ШҚО Прокуратурасының талап-арызы бойынша ШҚО мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 2018 жылдың 16 мамырында тасымалдаушылардың пайдасына сот актісін шығарды. Жеке кәсіпкерлермен жасалған шарттар бөлігінде тасымалдаушылардың құқықтары толық қорғалды, сот актісі заңды күшіне енді. Мемлекеттік кірістер органдарының хабарламалары жарамсыз деп танылды және күші жойылды.

### КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының қойылған мақсаттары мен міндеттерінің бұзылуына әкеп соққан басты себеп – оны іске асыруды негізсіз құқықтық реттеу және оны орындау жүктелген ұйымдардың қарыз қаражатын бөлудің белгіленген тәртібін бұзуы. ЖАО талабы бойынша кредиттік серіктестіктердің құрамына қатысушы және қарыз алушы ретінде төлем қабілеттілігін ешкім тексермеген жұмыссыз азаматтар кірген. Кредиттік серіктестіктердің қарыз қаражатын қайтару жөніндегі міндеттемелерін орындамауына байланысты Шығыс Қазақстан облысының барлық аудандарында шамамен 2000 кәсіпкердің және Атырау өңірінің 1174 бизнесменінің мүліктік мүдделеріне қатысты іс қозғалған.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл ҚР Бас прокурорының атына ҚР Азаматтық кодексінің 157-бабының 3-тармағына сәйкес мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезінде заңнама талаптарын сақтау заңдылығын қарауды ұсынып хат жолдады. Бұл проблема ҚР Бас Прокуратурасымен 2019 жылға арналған Жол картасына енгізілді.




## ■ ТАБЫС ТАРИХЫ / ӨҢІРЛЕР (мысалдар)

07.11.2018 жылы «Теплый дом Атырау» ЖШС-не қатысты іс жүргізу қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

«АйМак-Инвест Групп» ЖШС-нің тергеу органдарының әрекетсіздігіне қатысты шағымы қанағаттандырылып, АІБ-на қатысты тәртіптік жауапкершілік бойынша іс қозғалды. Сотқа дейінгі тергеу органы кінәлі адамдарды анықтау және оларды жауапкершілікке тарту және келтірілген залалды өтеу бойынша жедел-ізвестіру шараларын жүргізіп жатыр.

ШҚО-да жеке кәсіпкер Е.Н. Березинская-Абилованың қызметі қалпына келтірілді, кәсіпкердің құқықтары толық көлемде қорғалды. Оның 1 986 000 теңге көлеміндегі шығыны өтелді.

### ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША



Азаматтық іс бойынша Жоғарғы Соттың кассациялық алқасы Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өтінішін қанағаттандырудан бас тартты, апелляциялық сатының «Техноказ ЭЛМИ» ЖШС-нің өтінішін қанағаттандыру және бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны негізсіз деп тану туралы қаулысын күшінде қалдырды.

ШҚО МАЭС-тің 2018 ж. 16 мамырдағы шешімімен «РОСТ» ЖШС, «Vosca» ЖШС, «Вебас» ЖШС және «БЭСТ» Автотраспорт цехы» ЖШС-не (Тасымалдаушылар) қатысты мем. кірістер органдарының хабарламаларын заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы бизнес-омбудсменнің талап арыздары қанағаттандырылды. Кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделері қорғалды.

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылғы 24 қазандағы шешімімен «Ер-Қылыш» ЖШС-нің «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті» РММ-нің 24.07.2018 жылғы 49631-07-18 бұйрығының күшін жою туралы талабы толық көлемде қанағаттандырылды.

Алматы қ. бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Air Control» АҚ-на қатысты шығарылған 43 441 903 теңге сомасында ҚҚС және өсімпұлды қосымша есептеу және бұзушылықтарды жою туралы хабарламасының күші жойылды.

ҚР Жоғарғы Сотының Азаматтық істер жөніндегі кассациялық алқасының қаулысымен, Атырау облыстық сотының «Атырау қаласы әкімінің аппараты» ММ-нің қуыным талаптарын қанағаттандыру туралы қаулысы жойылды. «Әсел» ЖШС-нің кәсіпкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделері толық көлемде қорғалды.

### АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША



## ■ РЕСЕЙ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕНІМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

2017 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙДІҢ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕНДЕРІ АРАСЫНДА ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН КЕЛІСІМ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС ЖҮРІП ЖАТЫР



Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының Алматы қаласы бойынша сектор меңгерушісі А.А.Қошмамбетов «Предприниматель и потребитель – шаги навстречу» XIV халықаралық конференциясына қатысты (06.12.2018 ж., Мәскеу қ.).

Конференция Дүниежүзілік тікелей сату қауымдастығы федерациясының (WFDSA) қолдауымен «Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы» «Тұтынушыларды қорғау және оқыту бойынша бастама» форумының бағдарламасы аясында өткізілді.

Конференцияға РФ заңнамалық және атқарушы билік өкілдері, сондай-ақ өзін-өзі реттеу бағдарламаларын іске асыратын бизнес-қауымдастықтардың өкілдері қатысты.



Ақтөбе облысы бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі Р.Б.Күйшінов VIII халықаралық «Орынбор аймағы – Еуразияның жүрегі» форумы аясында 2018 жылдың 6 желтоқсанында Орынбор қаласында Орынбор бизнес-омбудсменімен өзара іс-қимыл жөніндегі меморандумға қол қойды.

Халықаралық сауда альянсын құру туралы жобаны жүзеге асыру аясында «Adal proff» ЖШС, «Опора России» жалпы ресейлік қоғамдық шағын және орта кәсіпкерлік ұйымының Орынбор аймақтық бөлімшесі мен Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Жобаның мақсаты сауда қатынастарын кеңейту, шекара маңындағы өңірлердің экспорты мен импортының көлемін ұлғайту болып табылады.



## ■ ӨЗБЕКСТАННЫҢ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕНІМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



Қазақстан бизнес-омбудсмені  
**Б.Ә. ПАЛЫМБЕТОВ**

### ӨЗАРА КӨМЕК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ



Өзбекстан бизнес-омбудсмені  
**Д.С. КАСИМОВ**

### «ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ» ФОРУМЫ (АСТАНА қ., 20.06.2018 ж.)



Өзбекстан бизнес-омбудсмені орталық аппаратының өкілдері қатысты.

Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды (тәжірибе алмасу, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға жәрдемдесу, консультациялық-құқықтық көмек және т.б.).

#### Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары:

- кәсіпкерлік субъектілері бұзушылықтарының алдын алуға ықпал ететін шараларды әзірлеу және іске асыру;
- Қазақстан мен Өзбекстан бизнесін қорғау мәселелері бойынша ақпарат алмасу;
- Өзбекстан Республикасындағы қазақстандық кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру.







## ■ ТАБЫС ТАРИХЫ / ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (мысалдар)

Өзбекстан Республикасы Президентінің жанындағы Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Д.С. Касимовтің жәрдемімен 14.09.2018 ж. «Telecom Technologiya» ЖШҚ «PENOPLEX (ПЕНОПЛЭКС) ҚР» ЖШС-не 58 000 АҚШ долларынан астам қарызын толық көлемде төледі.

Қазақстан мен Ресей бизнес-омбудсмендерінің қол жеткізген уағдаластықтары аясында Солтүстік Қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге өз тауарларын Ресей шекарасы арқылы тасымалдау кезінде Есілкөл қаласының ветпостында ветсертификаттар алу рәсімінің ұзақтығына қатысты мәселе шешілді.

Рязан облысы мен Қазақстан бизнес-омбудсмендерінің арқасында «КАМЕТЕХ» ЖШС Рязан облысы аумағында автотасығыштар мен тракторларға жол жүруге арнайы рұқсат алды. Нәтижесінде ауыл шаруашылық техникасы тапсырыс берушіге уақытында жеткізілді.

Марий-Эль Республикасы мен Псков облысы бизнес-омбудсмендерінің бірлескен күш-жігерінің арқасында спорттық тауарларды сатуға маманданған «Бурыкина Ю. С» ЖК-нің құқығы қорғалды.

Қазақстан мен Воронеж облысы бизнес-омбудсмендерінің арқасында қазақстандық сатып алушы «Саламат-Агро» ЖШС Воронеж қаласының «СБ Агро» ЖШҚ Ресей компаниясымен 1 млн 400 мың рубль немесе 7,8 млн теңге сомаға жабдықтарды жедел қосымша жеткізу туралы келісімге қол жеткізді.

РФ бизнес-омбудсменінің көмегі арқасында, РФ-дан ҚР-ға темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жүкті ұрлау фактісі бойынша Ресей ІІМ Приволжский тергеу басқармасы «Глобалинк» Транспортэйшн энд Лоджистикс Ворлдвайд» ЖШС-нің өтінішімен РФ ҚК 158-бабы, «В»-тармағының 3-бөлігі бойынша (ірі мөлшерде жасалған ұрлық) қылмыстық іс қозғады.

Р Е С Е Й

ҚАЗАҚСТАН

ӨЗБЕКСТАН

Мәскеу облысындағы бизнес-омбудсменнің жәрдемдесуінің арқасында «Derfolg» ЖШС ресейлік «Форенон» ЖШҚ компаниясынан сатып алынған жүкті кідірту мәселесі шешілді. Тауар жүк алушыға мерзімінде жеткізілді.

Орынбор облысындағы бизнес-омбудсменнің жәрдемдесуімен «Парижская коммуна» ЖШС (ет өнімдерін өндіруші) өніміне қатысты экспорт бойынша шектеулерге қатысты мәселе шешілді.



## ■ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



**ҚР БП** - қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот процестерінде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау

ЖОЛ КАРТАСЫ



**Мем. қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі** - сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс, мемлекеттік органдардың кінәлі лауазымды тұлғаларын жауапкершілікке тарту

ЖОЛ КАРТАСЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЖОҒАРҒЫ СОТЫ

**ҚР Жоғарғы соты** - құқық қолдану тәжірибесін талдау

ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ



**Әділет министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігі** - кәсіпкерлік қызмет саласындағы заң шығару жұмысын жетілдіру

ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛЫҚ



**Қаржы министрлігі** - салықтық және кедендік әкімшілендіру

АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ  
КОМИССИЯ. КЕЛІСІМ

ҚР Президентінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның 2018 жылға арналған бекітілген жұмыс жоспары аясында мынадай мәселелер бойынша ұсыныстар енгізілді:

- халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бөлінген ақша қаражатын игеру кезінде заңдылық пен ашықтықты қамтамасыз ету;
- «Нұрлы Жол» инфрақұрылымдық даму бағдарламасын іске асыруға бөлінген ақша қаражатын пайдаланудың тиімділігі.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл 2016-2018 жылдар аралығында мемлекеттік органдарға кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөніндегі шаралар қабылдауға қатысты

**70** хат жолдады.



## ■ БИТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

### «КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ПРОКУРАТУРА ҚАДАҒАЛАУЫ» III ФОРУМ (15.11.2018 ЖЫЛ)

#### БАСЫМ БАҒЫТТАР :

- құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігін талдау және іске асырылуын жетілдіру;
- квазимемлекеттік секторды қысқарту және бәсекелестікті дамыту бойынша проблемаларды шешу;
- бақылау-қадағалау органдарының тәуекелдерді басқару жүйелерін талдау, жүйелер жұмысының тиімділігін бағалау;
- кәсіпкерліктің жүйелі проблемаларын шешу;
- бизнестің мемлекет пен тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін күшейту;
- өзара ақпараттық іс-қимыл.



#### II ФОРУМНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:



- 6 сала бойынша ресурстарды басқару жүйесін талдау (салық әкімшілігі, өрт қауіпсіздігі, СЭС, жер, еңбек заңнамасы, экология);
- қылмыстық заңнаманы ізгілендіру (ведомствоаралық жұмыс комиссиясында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің үш бабына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды қарау);
- әкімшілік заңнаманы ізгілендіру (болмашы қылмыс жасалған жағдайда жауапкершіліктен босату институтын қайтару; ҚР ӘҚБтК 300 құрамы бойынша 50% жеңілдікпен айыппұл төлеу; 95 бап бойынша айыппұлдарды 30%-ға төмендету; 45 бап бойынша айыппұлды ескертуге ауыстыру; 15 бап бойынша жазаны жеңілдету; лицензиялар мен рұқсаттарды мерзімінен бұрын жаңарту, 4 құрам бойынша тәркілеуді алып тастау, ҚР ӘҚБтК 3 құрамы бойынша тәркілеудің баламасы енгізілді);
- жүйелі проблемаларды шешу бойынша бірлескен келісім, оның аясында 70 проблеманың 31-і шешілді.





### 28.02.2018 ЖЫЛ, АСТАНА, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС БОЙЫНША ІІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ФОРУМЫ



#### 2019 жылға арналған іс-шаралар жоспары:

- кәсіпкерлерді хабардар етудің ақпараттық жүйелері мен тетіктерінің тиімділігін талдау;
- мемлекеттік қызмет көрсету және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
- мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының бәсекелестікке қарсы іс-қимылдарын (әрекетсіздіктерін) анықтау және жолын кесу;
- кәсіпкерлік субъектілерінің жүйелік проблемаларын шешу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру;
- ақпараттық жүйелер арқылы сатып алу, оның ішінде квазимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

### 17 ТҮРЛІ «СҮР СХЕМА» АНЫҚТАЛДЫ

#### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА

- ауыл шаруашылығы өндірісінің нақты көлемін арттыру;
- құжаттарды асыра пайдалану, бұрмалау;
- егін егілген алаңның көлемі ұлғайтып көрсетілген мәлімдемені қарау кезінде жәрдемдесу;
- ветеринариялық-санитариялық талаптарға сай келмейтін өнімді өткізуге рұқсат беру.

#### ҚҰРЫЛЫС, СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ САЛАСЫНДА

- құрылыс лицензияларын беру кезінде;
- жер учаскесін жалдау құқығын сату бойынша аукциондарды ұйымдастыру және өткізу кезінде;
- мем. қызмет көрсету кезінде сарапшылардың аттестациясы (сараптамалық жұмыстар және инжинирингтік қызметтер);
- бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру кезінде.

#### ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ САЛАСЫНДА

- бюджет қаражатын пайдалану кезінде;
- ұлттық техникалық регламенттерді әзірлеуге тапсырыстарды бөлу;
- сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдардың және сынақ зертханаларының қызметіне бақылауды ұйымдастыру.

#### ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА

- сұратылған деректерді беру мерзімдерін ұзарту кезінде;
- әкімшілік жауапкершілікке тарту кезінде.

#### ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДА

- өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде;
- тексеру жүргізу кезінде экологиялық залалдың құнын төмендету;
- тауарларды жою мүмкіндігі туралы қорытынды беру рәсімінің болмауы;
- қайталанатын процестер белгіленді.







## «Protecting business and investments» бизнесті және инвестицияларды қорғау жөніндегі жоба жұмысының қорытындыларын талқылау бойынша диалогтық алаң



2018 жылдың 27 қарашасында Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Инвестициялар және даму және Сыртқы істер министрліктерімен бірлесіп, «Protecting business and investments» бизнес пен инвестицияларды қорғау жөніндегі жоба жұмысының қорытындыларын талқылау бойынша диалогтық алаң өткізді.

Іс-шарада отандық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы ортаны қалыптастыру, олардың сенімін арттыру бойынша шаралар талқыланды. Сонымен қатар, инвестициялық қызмет барысында және инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау барысында туындайтын проблемалық мәселелер қозғалды.



## «Автожол саласындағы сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» республикалық конференциясы, Қостанай облысы, 29-30 қараша 2018 ж.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы арасында Қазақстан кәсіпкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы хартиясын іске асыру жөніндегі жол картасына қол қойылды.



### ТӨМЕНДЕГІ БІРЛЕСКЕН ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗІЛДІ

- сот жүйесінің тәуелсіздігін кәсіпкерлердің қабылдауының төмен болу себептерін зерттеу;
- сот шешімдерін іздестіру және болжау бойынша жасанды интеллекті енгізу;
- шарттар конструкторын әзірлеу;
- сот корпусы үшін салық және кеден заңнамасы бойынша оқыту курстарын жүргізу;
- кәсіпкерлердің дауларына қатысты сот шешімдерін зерделеу бойынша 7 салада талдау жұмыстары.



### 7 САЛАҒА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА АНЫҚТАЛҒАН ПРОБЛЕМАЛАР:



- **кеден органдарына қатысты туындаған даулар бойынша:** тауарды негізсіз қайта топтастыру, тауардың құны туралы ақпараттың болмауы және т.б.;
- **салықтық әкімшілендіру саласындағы даулар бойынша:** мәмілелерді жарамсыз деп тану, тексеру мерзімдерін бұзу және т.б.;
- **мемлекеттік сатып алулар саласындағы даулар бойынша:** кереғар тәжірибе, рәсімдердің жеткіліксіз реттелуі және т.б.;
- **квазимемлекеттік секторға қатысты туындаған даулар бойынша:** берешекті өндіріп алу, жосықсыз қатысушы деп тану және т.б.;
- **жергілікті органдарға қатысты даулар бойынша:** артық құжаттарды талап ету, жер учаскелерін алып қою рәсімдерін бұзу және т.б.;
- **оңалту және банкроттық саласындағы даулар бойынша:** төлем қабілетсіздігі туралы дәлелдемелердің болмауы, сапасыз қорытындылар және т.б.;
- **экология саласындағы даулар бойынша:** эмиссия үшін қосымша төлемді негізсіз есептеу, залал келтірілмегендігін дәлелдеу мәселелері және т.б.

БАРЛЫҒЫ **2540** -ТАН АСТАМ ШЕШІМ ЗЕРДЕЛЕНДІ



## ■ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ДАМУ ҰЙЫМЫМЕН (ЭЫДҰ) ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

23.04.2018 ж.  
08.10.2018 ж., АСТАНА

ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ  
ДАМУ ҰЙЫМЫНЫҢ (ЭЫДҰ)  
САРАПШЫЛАРЫМЕН ЖҰМЫС  
КЕЗДЕСУЛЕРІ ӨТКІЗІЛДІ



- Кездесулерге ЭЫДҰ-ның аға сарапшысы, әкімшілік Әділет жөніндегі халықаралық сарапшы Франциско Кардона, ЭЫДҰ Директоратының Мемлекеттік басқару жөніндегі шолуларды және әріптестікті басқару саясаты мәселелері жөніндегі талдаушы Хлоэ Лельевр, сондай-ақ ҚР Ұлттық экономика министрлігі жанындағы «Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ-ның өкілі қатысты.
- Кездесулер барысында тараптар Қазақстанда жұмыс істейтін кәсіпорындар жиі тап болатын (заңды) мәселелерді талдап, талқылады. Дауларды шешу тетіктерімен байланысты сот төрелігі жүйесінің тиімділігі мәселесі де талқыланды.





**2018 ЖЫЛДЫҢ 24 МАМЫРЫНДА МЕМЛЕКЕТ  
БАСШЫСЫ**

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР  
ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ КӘСІПКЕРЛІК  
ҚЫЗМЕТТІ РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ»

**ҚР ЗАҢЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ**

БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ  
САЛАЛАРЫН, БАҚЫЛАУ  
ФУНКЦИЯЛАРЫН, ТАЛАПТАРДЫ  
ТЕКСЕРУ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫ  
ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУ

БИЗНЕС ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ  
БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ЖАППАЙ  
ТӨМЕНДЕТУ

---

АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ РЕФОРМАЛАУ





## ■ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ФУНКЦИЯЛАРЫН АУҚЫМДЫ ТЕКСЕРУ

САЛАЛАР ТЕКСЕРУЛЕР ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТӘРТІБІНЕ АУЫСТЫРЫЛДЫ

▶ 25 САЛАНЫҢ 5-І

ІРІКТЕП ТЕКСЕРУЛЕР ЖОЙЫЛДЫ ЖӘНЕ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ ЕНГІЗІЛДІ

▶ 64 БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ ҚАЙТА ҚАРАЛДЫ

КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІСІНЕ БАРЫП, ЕРЕКШЕ ТӘРТІП ЖӘНЕ КӘСІБИ БАҚЫЛАУ БОЙЫНША

▶ 30 ЖҮМЫС КҮННЕН  
15 ЖҮМЫС КҮНГЕ ДЕЙІН

ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ МЕР-  
ЗІМДЕРІ ҚЫСҚАРТЫЛДЫ

ЖОСПАРДАН ТЫС  
ТЕКСЕРУЛЕР БОЙЫНША

▶ 30 ЖҮМЫС КҮННЕН  
10 ЖҮМЫС КҮНГЕ ДЕЙІН



## ■ БИЗНЕС ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ЖАППАЙ ТӨМЕНДЕТУ

### ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫНДА

ЖАО БЕРІЛГЕН ЖЕР ТЕЛІМДЕРІНІҢ ТІЗБЕСІН АЙ САЙЫН ЖАРИЯЛАУ АРҚЫЛЫ ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ

ЖЕР УЧАСКЕСІНЕ ҚҰҚЫҚ БЕРУДЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНҒАН КҮННЕН БАСТАП, 90 КҮНТІЗБЕЛІК КҮННЕН КЕШІКТІРМЕЙ, ӘКІМДІКТЕРДІҢ АУКЦИОНДАР ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТІ ЗАҢ ЖҮЗІНДЕ БЕКІТІЛДІ

### ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАР САЛАСЫНДА

ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ БЕРУ ТӘРТІБІ, КЕЗЕҢДЕРІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ ЗАҢ ЖҮЗІНДЕ РЕТТЕЛДІ

ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯ СУБЪЕКТИЛЕРІНЕ БОС ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ ҚҰАТТАРДЫҢ БАР ЕКЕНДІГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ, СОНДАЙ-АҚ РЕТТЕЛІП КӨРСЕТИЛЕТІН КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ИНЖЕНЕРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАРЫНЫҢ СХЕМАЛАРЫН ТОҚСАН САЙЫН ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТІ ЕНГІЗІЛДІ

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РЕТТЕУ САЛАСЫНДА

ҚАЙТА МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМАДАН ӨТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАП ЖОЙЫЛДЫ

II-IV САНАТТАҒЫ ОБЪЕКТИЛЕР ҮШІН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАП АЛЫНЫП ТАСТАЛДЫ



## ■ БИЗНЕС ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ЖАППАЙ ТӨМЕНДЕТУ

### МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ РЕТТЕУ САЛАСЫНДА

ҚР БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ БҮЗҒАНЫ ҮШІН ХАБАРЛАМА ИНСТИТУТЫ КЕҢЕЙТІЛДІ

МОНОПОЛИЯЛЫҚ НЕМЕСЕ ҮСТЕМ ЖАҒДАЙҒА ИЕ НАРЫҚ СУБЪЕКТИЛЕРІНЕ ӘРТҮРЛІ БАҒАЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ЖОЛ БЕРІЛЕТІН ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ТІЗБЕСІ АНЫҚТАЛДЫ

МЕМЛЕКЕТТІК МОНОПОЛИЯ СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ТАУАРЛАРҒА, ЖҰМЫСТАРҒА ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРГЕ БАҒА БЕЛГІЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ӨТІНІМДЕРІН ҚАРАУ КЕЗІНДЕ УӘКІЛЕТТІ ОРҒАНДАРДЫҢ КӨПШІЛІК АЛДЫНДА ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТІ АНЫҚТАЛДЫ

### ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДА

ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІНІ ПАЙДАЛАНАТЫН ҰЙЫМҒА ДЕКЛАРАЦИЯНЫ ДЕРБЕС ӘЗІРЛЕУГЕ ҚҰҚЫҚ БЕРЕТІН АТТЕСТАТТЫҢ БОЛУЫ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАП АЛЫНЫП ТАСТАЛДЫ

### ТУРИЗМ САЛАСЫНДА

ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ – РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРДА ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ОБЪЕКТІЛЕРІН САЛУ КӨЗДЕЛДІ



## ■ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН БЕРУДЕГІ АШЫҚТЫҒЫ

	АУДАНДАР МЕН ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАР		
	БАРЛЫҒЫ	ЖАРИЯЛАНҒАН	ЖАРИЯЛАНБАҒАН
Астана	1	1	0
Алматы	1	0	1
Шымкент	1	0	1
Ақмола облысы	19	19	0
Ақтөбе облысы	13	3	10
Алматы облысы	20	0	20
Атырау облысы	8	0	8
Шығыс Қазақстан облысы	19	12	7
Жамбыл облысы	11	5	6
Батыс Қазақстан облысы	13	1	12
Қарағанды облысы	18	8	10
Қостанай облысы	20	18	2
Қызылорда облысы	8	8	0
Маңғыстау облысы	7	2	5
Павлодар облысы	13	12	1
Солтүстік Қазақстан облысы	14	6	8
Түркістан облысы	16	0	16
<b>Барлығы</b>	<b>202</b>	<b>95</b>	<b>107</b>

**ӘКІМДІКТЕРДІҢ БЕРІЛГЕН ЖЕР  
ТЕЛІМДЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ  
ОРНАЛАСТЫРУЫ БОЙЫНША АҚПАРАТ.  
(15.01.2019 ж. жағдай бойынша)**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖЕР  
КОДЕКСІНІҢ 43-БАБЫ 14-ТАРМАҒЫ  
(21.05.2018 ж. күшіне енді)**

Жергілікті атқарушы органдар жер учаскесін алған тұлғалардың тізімдері бар ақпаратты жер учаскесін беру негізін, нысаналы мақсатын, алаңын, орналасқан жерін, құқық түрін, жалға алу мерзімін көрсете отырып, халыққа қолжетімді жерлердегі арнайы ақпараттық стендтерде, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органының интернет-ресурсында **ай сайын**, ал тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында кемінде тоқсанына бір рет жариялау арқылы орналастыруға міндетті.







ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ

2017 жыл

ӘКІМШІЛІК ЗАҢНАМАНЫ (ӘҚБТК)  
ІЗГІЛЕНДІРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ЕСКЕРТУ ЕНГІЗІЛДІ

▶ 45 БАП

АЙЫППҰЛ МӨЛШЕРІ ТӨМЕНДЕТІЛДІ  
(орта есеппен 30%-ға)

▶ 157 БАП

50% ЖЕҢІЛДІК ЕНГІЗІЛДІ

▶ 300 БАП

БОЛМАШЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН  
ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТУ

РҰҚСАТТЫ (ЛИЦЕНЗИЯНЫ)  
МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ЖАҢАРТУ

2018-2019 жылдар

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫ ЖОБАСЫНЫҢ  
АЯСЫНДА ЖОСПАРЛАНҒАН:

▶ + 6 ҚҰРАМ

▶ + 44 ҚҰРАМ

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ **32 ҚҰРАМЫН** АЗАМАТТЫҚ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕМЕСЕ ТӘРТІПТІК РЕТТЕУГЕ АЛМАСТЫРУ

**10 ҚҰРАМ** БОЙЫНША ӨНДІРІП АЛУДЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЖАЗА  
ТҮРЛЕРІНЕ АУЫСТЫРУ



## ■ КӘСІПКЕРЛЕР ПРОБЛЕМАЛАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІ

### ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТІЗІЛІМІ

#### ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ КӨПШІЛІГІ

- Құрылыс, қала құрылысы және сәулет
- Көлік, логистика, байланыс
- Медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіп
- Техникалық және кәсіби білім беру
- Сатып алулар

Барлығы **607**  
проблема



Шешілгені

**432**  
**(71%)**

Шешілу үстінде

**52**  
**(8.5%)**

Мемлекеттік органдардың талқылауында  
**123 (20.2%)**



## ■ 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАСЫМДЫҚТАР. ЗАҢНАМАНЫ ОДАН ӘРІ ІЗГІЛЕНДІРУ

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫМЕН  
БІРЛЕСІП ЖАСАЛАТЫН ЗЕРТТЕУЛЕР

ІЗГІЛЕНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ШАРАЛАР

ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
РЕЙДЕРЛІК

ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТСІЗДІГІНЕ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ  
БАНКРОТТЫҚҚА ЖЕТКІЗУ МАҚСАТЫНДА  
КӘСІПОРЫННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ЗАҢСЫЗ  
ЫҚПАЛ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР

ҚК, ҚЫЛМЫСТЫҚ  
ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІ

КЕДЕНДІК ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАР БОЙЫНША  
**ӨСІМАҚЫЛАР МЕН ПАЙЫЗДАРДЫ  
АЛЫП ТАСТАУ**

ТЕРГЕУ  
ІС-ТӘЖІРИБЕСІ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ТЕРГЕУ КЕЗІНДЕ ӘРЕКЕТСІЗДІК  
ЖӘНЕ СӨЗБҰЙДАҒА САЛУ, ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУ  
КЕЗІНДЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН БҰЗУ МӘСЕЛЕ-  
ЛЕРІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР

ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДА  
**ҚҰРАМЫН НАҚТЫЛАУ** (КӨРІНЕУ  
ҚАТЕ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ)

МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ  
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН МЕМ-  
ЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ-  
ДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ТЕТІКТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ МӘСЕ-  
ЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР

САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАР БОЙЫНША  
**ЗАЛАЛ ШЕГІН ҰЛҒАЙТУ**

АЛЫНҒАН ҚҰЖАТТАРДЫҢ  
**КӨШІРМЕЛЕРІН АЛУ** (ОДАН ӘРІ  
ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН)



## ■ БУҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ТУРАЛЫ

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің ombudsmanbiz.kz сайтында бизнес-омбудсмен институты туралы барлық қажет ақпарат, өңірлердегі өкілдердің байланыс нөмірлері, сондай-ақ қажетті нормативтік құжаттар орналастырылған.

Осы уақытқа дейін сайтқа **90 000-нан** астам адам кірді.

«Казахстанская правда» газетінде – **«Болат Палымбетов: Бизнес хочет открытости и партнерских отношений»**, 16.03.2018 ж., **«Навстречу бизнесу»**, 30.05.2018, № 99 (28728), «Егемен Қазақстан» газетінде – **«Болат Палымбетов: «Халықтың кәсіпкерлікпен шұғылдануға құлшынысы күшті»**, 23.04.2018 ж., **«Кәсіпкерлердің жүгін жеңілдетті»**, 31.05.2018., №100 (29331), «Время» газетінде – **«Болат Палымбетов: Страшно потерять бизнес, но страшнее потерять свободу»**, 19 – 22.06.2018 ж., «Литер» газетінде – **«Болат Палымбетов: «В сфере защиты бизнеса в СНГ равных нам нет. Это достижение независимости»**, 14.02.2018 ж. сұхбаттар жарық көрді.

<http://ombudsmanbiz.kz/> сайтында «Бизнес-омбудсмен: сандар мен фактілер» арнайы айдары іске қосылды, онда 3 жылда атқарылған жұмыстар туралы бейнеграфикалар орналастырылған. «Бизнес-көмек» айдары орналастырылған.

ҚР Президентіне 2016 және 2017 жылдардағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы жыл сайынғы баяндаманы [http:// ombudsmanbiz.kz/rus/ezhegodnyi\\_doklad/](http://ombudsmanbiz.kz/rus/ezhegodnyi_doklad/) таба аласыздар.



2018 жылы атқарылған жұмыс нәтижесі

бойынша БАҚ-та **500-ден** астам материал жарияланды.



- ◆ Интернетте жарияланған материалдар
- ◆ Телеарналардағы материалдар
- ◆ Баспасөзде жарияланған материалдар





# ФОТООБЪЕКТИВ



